



**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ**
№ 31 ПРЕСС-РЕЛИЗ
2006 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАРАША
**Халықаралық резервтер мен
ақша базасы туралы**

1. Халықаралық резервтер мен ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегендे) және ақша базасы 2006 жылғы 15 қарашада мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл. оның ішінде:	14 158,8	13 929,9
EAB ² таза активтер	12 866,5	12 866,5
Алтын	1 292,3	1 063,4
Ақша базасы, млрд. теңге	1 177,6	1 177,6
<i>Тар ақша базасы³, млрд. теңге</i>	<i>1 041,7</i>	<i>1 041,7</i>
<i>ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге</i>	<i>135,8</i>	<i>135,8</i>
KZT/USD (кезең аяғында)	127,90	133,98
Алтынның бағасы (1 трой унциясы үшін USD-мен)	623,40	513,00

1 2005 жылдың аяғындағы теңгегенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы көрсетілген

2 EAB таза активтер – бұл EAB-мен жа лы активтер мен міндеттемелер арысындағы айырма

3 Тар ақша базасы – бұл ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін ескермегендеге

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2006 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің ағымдағы бағасы 0,2 %-ға (немесе 24,4 млн. долл.) төмендеді. Ұлттық Банктің ішкі валюта нарығында валюта сатып алуына және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шотына валютаның түсінен қарамастан, Ұлттық қордың активтерін толықтыру бойынша операциялар жүргізу және екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасы қалдықтарының төмендеуі валюта қорының төмендеуіне әкелді.

Нәтижесінде таза валюта қоры (EAB) 161,2 млн. долларға төмендеген. Алтынмен активтер жүргізілген операциялар және оның әлемдік нарықтағы бағасының 3,74 %-ға көтерілуі нәтижесінде 136,8 млн. долларға өскен.

Тұрақты бағамен Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері 6,0 %-ға, EAB-мен таза активтер 1,2 %-ға төмендеді, алтынмен активтер 7,80 %-ға өскен.

Елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда (ағымдағы бағамен) Ұлттық қордың ақшасын (алдын ала деректер бойынша 12 800,8 млн. долл.) қоса алғанда 26 963,9 млн. долл. болды. Өткен айда өсу 2,6 %-ды құрады.

2006 жылғы қарашаның бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің төмендеуі ақша базасының 1,1 %-ға (немесе 13,5 млрд. теңгеге) тарылуына себепші болды.